

АННОТАЦИЯ

Диссертацилық жұмыстың құрылымы мен көлемі: Жұмыс кіріспеден, әдеби шолудан, тәжірибелік бөлімнен, тәжірибе зерттеулерінің талдау нәтижелерінен, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысы 90 бетте жазылып, 16 кесте және 25 сурет, 2 қосымша, 68 әдебиеттер тізімінен тұрады.

Түйінді сөздер: бұрғылау, көмірсілтілі реагент, қашау, сулы-сазды суспензия, субергіштік, саз, вискозиметр, натрий полифосфаты, түрлендіру.

Зерттеу нысаны: Бұрғылау жуу сұйықтықтарының түрлері, Боралдай және Төнкеріс кен орындарының саздары, қоңыр көмірден алынған көмірсілтілі реагент.

Жұмыстың өзектілігі: Мұнай өнеркәсібі Қазақстан Республикасының отын-энергетика саласының жетекші бөлігі. Бұрғылау үдерісі мұнайдың жер бетіне шығуының бірден-бір себепшісі. Бұрғылау үдерісінің сәтті, әрі экономикалық жағынан тиімді өтуі бұрғылау жуу сұйықтықтарына тікелей байланысты. Бұрғылау жуу сұйықтығының сапасын арттырып, қолданылатын реагенттерді отандық шикізаттардан алуды оңтайландыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Жұмыстың мақсаты: Жуу сұйықтықтарын сараптау. Бұрғылау жуу сұйықтықтарының маңызын, физика-химиялық қасиеттерін зерттеп және салыстыра отырып, бұрғылау ерітінділерінің тұтқырлық және субергіштік қасиеттерін жақсарту мақсатында сазды ерітінділері натрий полифосфатымен түрлендірілді.

Жұмыстың жаңалығы: Бұрғылау жуу сұйықтықтары сарапталудан өтті. Алғаш рет көмірсілтілі реагент, Боралдай және Төнкеріс кен орындарының саздары қолданылып бұрғылау ерітінділері дайындалды. Бұрғылау ерітінділерінің тиімділігін арттыру мақсатында натрий полифосфатымен түрлендіріліп, тұтқырлығы және субергіштігі төмен бұрғылау жуу сұйықтықтары алынды.

Зерттеудің ғылыми практикалық маңызы: Отандық шикізаттар негізінде қоңыр көмірден алынған көмірсілтілі реагент және Боралдай және Төнкеріс кен орындарынан алынған саздарға натрий полифосфатымен әсер етіп, арзан, сапалы және экологиялық жағынан қауіпсіз бұрғылау ерітіндісі алынды.

Жұмыс бойынша публикациялар: Диссертация материалдары «ҚазҰУ Хабаршысын» химия сериясы журналында және студенттер мен ғалымдардың «Фараби Әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясында талқыланды.